«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ертіс-Кереку өңірінің өскелең ұрпағына патриоттық тәрбие беру

«Рухани жаңғыру» кабинетінің іс-шараларын ұйымдастырушысы:
М.Катаев атындағы Оқушылар Сарайының әдіскері
Аипова Әсем Серікқызы

Павлодар, 2021 жыл

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КАБИНЕТІ

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады.

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында Павлодар облысы Білім беру басқармасының бастамасымен 2018 жылдың наурыз айында «Рухани жаңғыру» кабинеті ашылды.

Бұл кабинеттің басты мақсаты - болашақ жас ұрпаққа ұлттық рухымызды, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді насихаттау, қазақ халқының бай мәдени мұрасын, әйгілі жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын, еліміздің құнды тарихи деректерін жинақтап, жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Бұл кабинеттің төрінде «Рухани жаңғыру» символы – түрлі-түсті қыран құсының биікке самғаған бейнесі тұр. Дәл осы құс бейнесінің жанында Тұңғыш Мемлекет басшысының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында көрсетілген сананы жаңғырту бойынша мәлімет бар.

Кереку өңірі танымал ұлы ақын-жазушыларға бай, табиғаты болса өте әдемі, тарихы тереңге бойлаған, Қара Ертістің жағасына бой көтерген аймақтардың бірі. Болашақ жастар, ел даналарының есімдерін жатқа білуі тиіс. Сондықтан бұл кабинеттің бір бөлімі Ертіс-Баян өңірінен шыққан ғұлама жерлес ақындарымыз, жыршы-жырауларымыздың портреттерінен құралған бөліміне арналады.

Сонымен қатар кабинетте «100 жаңа есім» жобасы, «Ертіс-Баян өңірінің киелі жерлері» атты картасы, «Кітап – өмір ұстазы» атты «QR-code-мен» жабдықталған заманауи кітапхана, «Латын әліпбиі – заман талабы» деген стенд бар.

Осындай мақтанышпен айта алатын, бай мирас дүниені ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалып, бір жерге жинау ұстаздардың басты міндеті. Оқушылар сарайының педагогтері «Рухани жаңғыру» кабинетінің жоспарына сай кездесулер, шеберлік-сабақтар, квест-ойындар, конференциялар өткізеді.

Осы жинақтан 2018-2021 оқу жылдары аралығында өткізілген іс-шаралармен танысуға болады.

ШӘКЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ

2018 жылдың 27 наурызында Павлодар облысының тумасы, қазақ театр және кино өнерінің биік шыңына айналған Шәкен Аймановтың шығармашылығымен танысу өткізілді.

Аталмыш шараға Оқушылар сарайының «Амплуа» әдеби-шығармашылық студиясы, «Арман-шоу» театр студиясы, «Ровесник» клубының тәрбиеленушілері мен облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернатының оқушылары қатысты. Бұл кездесуде оқушылар Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығы бойынша көптеген ақпар алып, Шәкен атаның актер және режиссерлік саласында көпке танылған фильмдерінен үзінділер тамашалады.

- «Рухани жаңғыру» - өткенімізден болашағымызға қуат алу. Ал қазақ киносы – қазақ халқының тарихы. Сол мол мәдени мұраны өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, біздің басты міндетіміз, – деді кездесу ұйымдастырушысы Жақсыбек Ешімқұлов.

«СӨЗ СҰЛТАНЫ - СҰЛТАНМАХМҰТ»

2018 жылдың 23 қазан күні қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығына арналған әдеби кеш өтті.

Кездесуге Облыстық Халық радиосында радиожүргізуші, тілші, «Найзатас» қоғамдық саяси, әдеби-көркем журналының жауапты хатшысы - Айбек Оралхан қатысты. Кешке «Қаламгер» студиясының жас тілшілері және олардың ата-аналары, ұстаздары келді. Кездесудің қонағы Айбек Оралхан өскелең ұрпаққа Сұлтанмахмұт туралы қызықты мәлімет беріп, романдары мен өлеңдерінің тәрбиелік мәнін түсіндіріп өтті. Айбек аға оқушыларға көп кітап оқуға, күнделік жүргізуге кеңес берді. Бұл кеште «Қаламгер» орталығының жас тілшілері мен Павлодар қаласының Абай атындағы №10 дарынды балаларға арналған мектебінің оқушылары ақынның «Қарағай да қайғырып», «Түсімде», «Бір адамға», «Мен қазақ» атты өлеңдерін шебер оқып берді.

«Қаламгер» студиясының жас тілшісі Аңсар Айдарбеков кешке дайындалу барысында қаламыздағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы облыстық кітапхана өкілдерінен сұхбат алған болатын. Сол кеште оқушылар Аңсардың сұхбатын тамашалады.

2018 жылдың 28 қазан күні Сұлтанмахмұт Торайғыров 125 жасқа толды. Сұлтанмахмұт – қазақ әдебиетіндегі Абайдан

кейінгі ірі тұлға. Ол небәрі 27 жыл ғана өмір сүрді. Шығармашылық жұмыспен он жылдай айналысты. Алайда ол: «Жасамаймын еңбектің жемісін көзбен көрем деп, жасаймын бір қолғабыс, кейінгіге берем деп...» қандай мақсат көздегенін ашып айтып, кейінгі ұрпаққа құнды әдеби мұра қалдырды. Оның шығармалары – мол тақырыпты, терең мағыналы, алуан жанрлары көркем суретті қазына.

- Бүгінгі поэзия кешінде оқушылар қазақтың ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі және шығармашылығымен танысып, көрнекті мұрасы - халқымыздың рухани саласындағы аса елеулі қазынасы екеніне көз жеткізіп, ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды, - деді кеш ұйымдастырушысы Әсем Аипова.

ҚАНЫШ АҒА -ТҰҒЫРЫ БИІК ТАУ ТҰЛҒА

2019 жылдың 11 сәуір күні қазақ халқының тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлы Сатбаевтың 120 жылдық мерейтойына орай «Тұғыры биік тау тұлға» атты мерекелік іс-шара өтті.

Кездесуді «Қаламгер» баспасөз орталығының жас тілшілері мен жетекшісі Әсем Аипова ұйымдастырып өткізген болатын. Мерекеге Павлодар қаласының № 2 ЖОББМ оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты.

Іс-шараның құрметті қонағы ақын, домбырашы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері – Балтабай Сыздықов және Қазақстан Республикасының журналистер одағының мүшесі, «ERTIS» телеканалының ардагері – Шолпан Байғалы болды.

Шолпан апай балаларға Қаныш Сатбаевтың балалық шағында өзен-көлдерді, географияны жақсы көріп, түрлі түсті тастарды көп жинағанын айтып берді. Шолпан Байғалы жас тілшілерге көп кітап оқуға кеңес беріп, өзінің «Менің тәтті тағдырым», «Қызылтаң – алтын бесігім» атты кітаптарын сыйға тартты.

Атырау қаласында өткен «Батаменен ел көгерер» атты республикалық байқауының жеңімпазы Балтабай аға өскелең ұрпаққа берген ақ батасында өзінің туған тілін қастерлеп, салт-дәстүрін ұлықтап, Отанның сүюге шақырды.

Жас тілшілер қонақтарға қоғам қайраткері, Қазақстан геология ғылым институтының негізін қалаушы Қаныш Имантайұлының өмірі мен еңбектері туралы баяндады. Академик туралы қызықты фильм тамашалап, қонақтарға сұрақтар қойып, тұңғыш академиктің есімі берілген еліміздің көрнекті жерлерімен танысты.

Іс-шараға дайындалу барысында жас тілшілер

Баянауыл ауданындағы Қаныш Сатбаев атындағы мемориалдық мұражаймен байланысты. Олар мұражай қызметкерлеріне бейне сұрақтар жіберіп, мерекеде өздерінің бейне

сұрақтарының жауаптарын тамашалады.

2019 жылдың 12 сәуір күні кеңес металлургия ғылымының негізін қалаушылардың бірі, Ұлытау-Жезқазған мыс кенін ашқан, Қазақстан Ғылым Академиясының негізін қалаушысы Қаныш Имантайұлы Сатбаевтың туғанына 120 жыл толды.

- Бүгін оқушылар академиктің өмірі мен шығармашылығын, оның құнды еңбектерімен танысты. Ол өз халқының шынайы ұлы, жоғары білімді, зиялы адам болған, - деді Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ХАЛҚЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ, ҚАЗАҚҚА ТУҒАН ҰЛ ЕДІ»

2019 жылдың 21 қазан күні Жүсіпбек Аймауытовтың 130-жылдығына арналған «Халқым деп соққан жүрегі, қазаққа туған ұл еді» атты театр қонақжайы өтті.

Іс шараға Оқушылар сарайының «Амплуа», «Қаламгер» студияларының тәрбиеленушілері және Павлодар қаласының №7 ЖОББМ-нің оқушылары қатысты.

Атақты жазушы, қазақ тілінде алғаш драма және роман жазған, ғалым, ағартушы, педагог, психолог туралы сыр шерту үшін Жүсіпбек Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драмалық театрының қоюшы-режиссері Жанкелді Садық келген болатын. Ол театр дәстүрлері мен репертуарымен таныстырып, алдағы болатын премьераға шақырды. Кездесуде балалар жазушының өмірі туралы және театр туралы сұрақтар қойып, режиссер Жанкелді Садық ұсынған трагедия және күлкілі кейіпкерлердің рөлдерін өздері сомдады.

Ж.Аймауытов Павлодар облысы, Баянауыл ауданында 1889 жылы туған. «Тәрбиеге көмекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер тандау» атты оқулықтардың және «Қарткожа», «Ақбілек» романдарының авторы.

- Біздің театр жуық арада Жүсіпбек Аймаутовтың 130-жылдығына және театрдың 30- жылдығына дайындық үстінде. Жүсіпбек те, Абай атамыз секілді әр сөзімен жастарды өзін-өзін жетілдіруге үлесін қосты. Мен сендерге өздерінің жолдарынды таңдап, өз істерінің майталман шеберлері болуларыңды тілеймін, - деді Жанкелді Садық.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ҒАСЫРЛАР ӨТСЕ ДЕ, ДАУЫСЫҢДЫ ЕСТИМІН...»

2019 жылдың 13 қараша күні қазақтың ұлы ақыны Естай Беркімбайұлының 145-жылдығына арналған әдеби-музыкалық қонақжай өтті. Бұл шараның қонақтары ақынның шөбересі, Екібастұз қаласының ақыны Райхан Абикеева, және оның қызы Аделия Қуаныш, Естай атындағы Мәдениет сарайының әдіскері Камат Абдернасирова болды.

Естай Беркімбайұлы – қазақ ақыны, әнші, композитор, Қазақ композиторлар одағының тұңғыш мүшесі, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңірген өнер қайраткері, көптеген әндер мен шығармалардың авторы. Естайдың ақындығы мен табиғи дарыны Райхан шөбересінің бойына берілген екен (Естай өмірінің соңында Алмашы руынан шыққан қыз бала ақынның қабілетін өз бойына дариды деп жорыған).

Райхан Абикеева бұл кездесуде өзінің суырып салма, шешендік қабілетін көрсетіп, өлеңдерін оқып, Алматы қаласының кинематографистері түсірген бейнебаянға жазылған әнді көрсетті.

Аделия Қуаныш гитарада «Тарантелла» шығармасын орындады. Сонымен қатар Аделя анасымен бірге көрермендерге гитарада лирикалық әнін сыйлады.

Кездесуде Естай ақынның өмірі мен қатар ақынның Қорлан деген қызға махабаты жайлы айтылып, Қорлан туралы танымал әннің тарихы баяндалды. Қорлан әні тыңдалып болған соң, Естай ақынның тек қана жанұясына мәлім болған оқиғалар айтылды.

Бұл кездесуде ақынның есімі тек қана шығармаларында сақталып қоймай, сонымен қатар оның есімі көше атаулары мен музыка мектептеріне берілгендігі туралы сөз қозғалды. Жуырда Естай атындағы мәдениет сарайында ақынға арналған мұражай ашылған болатын. Мәдениет сарайының әдіскері Камат Абдернасирова бұл мұражайдың құрылуы және жәдігерлері жайлы толық мағлұмат берді.

Жергілікті танымал ақын туралы Оқушылар сарайының педагогтары мен тәрбиеленушілері, павлодарлық №23, 43 мектептерінің оқушылары ұйып тыңдады. Балалар баспасөз-орталығы мен «Қаламгер» студиясының тілшілері кешке қатысқан қонақтардан өздерінің радиобағдарламасы үшін сұхбат алды.

- Біздің жанұямызда өскелең ұрпаққа атақты әнші атамыз туралы әңгімелер жиі айтылып отырады. Атамыздан тараған балалары мен немерелері шығармашыл адамдарға айналды. Олардың ішінде журналист Амренов Фархат, театр және кино актрисасы Динара Абикеева. Қазір музыкант атанып жүрген Павлодар қаласының музыка мектебінің директоры Шәмшия Джагипарова, Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің студенті Аделия Қуаныш, «Бастау» танымал қазақстандық тобының мүшесі, Голливудтегі бас жүлденің иегері Темірлан Олжабаев, - деді Райхан Абикеева.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!»

2020 жылдың 30 қаңтар күні Майра Шамсутдинованың 130-жылдығы мен Жаяу Мұса Байжанұлының 185-жылдығы тойланды.

«Арман-шоу» үлгілі театр-студиясының және «Тұмар» вокал студиясының жас әншілері қазақ ақындары мен композиторлардың өмірі және шығармашылығымен танысты. Жаяу Мұса Баянауыл ауданы, Жасыбай көлінің манында дүниеге келген. Жас кезінен бастап домбырада ойнауды үйренеді, көптеген әншілер мен күйшілерді таниды. Жас дарынды бала қобыз, домбыра, сырнайда тамаша ойнай білген. Ақын өзінің өткір тілімен шешендік қабілетін керемет пайдаланып, «Ақсиса» әнің дүниеге әкелген. Жаяу Мұсаның керемет әндерінің ішінде орыс және татар әуендері де кездеседі. Бұндай әндердің ішіне «Толғау», «Плач узника», «Девушки Казани» атты әндері енеді.

Майра Шамсутдинова 1890 жылы Павлодарда дүниеге келген. Өте жас кезінен бастап гармонь тарта бастады. Он үш жасынан бастап әдемі, зор даусымен танымал болып, халықты тәнті етті. Майра халық арасындағы «Майра», «Ертіс», «Қызыл гүл», «Өкшесі етігімнің айнала жез»0 әндердің авторы.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ТУРАЛЫ



2019 жылы 15 мамыр күні Қазақстанның танымал археологы, «Алтын адамды» ашқан Кемал Ақышевтың 95 жылдығына арналған «Табысты археологтың жетістіктері» атты ақпараттық сағат өтті. Кемал Ақышев – ғұлама ғалым, құпиясы мол тарихқа жауап іздеген адам.

Ол археология саласына өз өмірін арнап, танымал атанды.

Ғалымды шынымен табысты адам деп айтуға болады, себебі оның басшылығымен әлемдік тарихқа аты шыққан ескерткіштер табылып, Қазақстан әлемге әйгілі болды.

Бұл сабаққа «Samrug Company PV» орталығының директоры Э. Лампартер және №18 ЖОМ-нің тарих пәнінің мұғалімі А. Мұқанов болған еді. Олар ғұлама археологтың өмірі мен қызметіне терең тоқталды.

Кемал Ақышевтың қызметі туралы оқушыларға фильм көрсетілді. №7 және №42 ЖОМ-нің оқушылары орта ғасырдың, Алтын орданың, Ресей империясының, 19 ғасырдағы Италия елінің тиындарын және Скиф-Сақ дәуірінің қола жебесінің ұштығы және басқа артефакттарды өз қолдарымен ұстап көрді.

- Бұл кездесу танымдық болды. Оқушылардың қызығушылықтары артып, кейбір балалар болашақта өз өмірлерін археология саласымен байланыстырғысы келді, - деді әдіскер Бахыт Беккожина.

ӘЛ-ФАРАБИ - ШЫҒЫСТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ



2020 жылдың 20 қараша күні Оқушылар сарайында «Әл-Фараби» мұрасы атты онлайн конференция өтті. 2020 жылы ғалым философ Әл-Фарабидің 1150-жылдығы тойланды.

Аталмыш шараны «Қаламгер» баспасөз орталығы және «Антарес» астрономдар клубы ұйымдастырды.

Балалар Әл-Фарабидің әлемдік ғылымға қосқан үлесін зерттеді. Өз баяндамаларында оның, еңбектерінің маңызы, шығармашылығының әртүрлі мәдениеттердің жақындасуына әсері туралы айтты, өткенді зерттеудің маңыздылығын, уақыттың байланысын көрсете білді.

Мельниченко Богдан өз баяндамасында «Әл-Фарабидің еңбектеріндегі философия», Манабаев Сарман - «Әл-Фарабидің еңбектеріндегі астрономия», Гайдунко Назар - «Музыка және Аль-Фараби», Нурпеисова Карина - «Аль-Фарабидің нақыл сөздері», Ахметова Айлана - «Аль-Фарабидің өмірінен қызықты фактілер» туралы айтып берді.

Павлодар қаласының №5 ЖОМ-нің мұғалімі Айгуль Молдаш өзінің оқушысы Али Бауржанұлымен іс-шараға қатысты.Олар өздерінің «Ғалым болғым келеді» атты жұмысымен таныстырған болатын. Али конференцияның ең кішкентай қатысушысы болды. Ол бірінші сыныпта оқиды.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ

2020 жылдың 29 желтоқсанында Оқушылар сарайында Ұлы ғалым және философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әл-Фараби - Шығыс ұстазы» атты онлайн-конференция өтті.

Конференцияға Павлодар қаласының № 19 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Сапарова Әдия Өмірзаққызы, облыстық Оқушылар сарайының «Антарес» клубының жетекшісі Гүлнар Баубекова, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық гимназия, Баянауыл ауданы Ш.Айманов атындағы орта мектеп, Б.Момышұлы атындағы мектептердің оқушылары қатысты.

Қатысушылар өз баяндамаларында Әл-Фарабидің еңбектері жайлы, ұлы ойшылдың шығармалары туралы сөз қозғады. Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық гимназияның оқушылары Ерғали Назерке және Хауметқали Айтолқын Әл-Фарабиге арналған облыстық эссе байқауына қатысып, авторлық жазған эсселерін оқып берді.

Баянауыл ауданының оқушысы Рустамбекова Камила ұлы ойшылдың философиялық еңбегі жайлы баяндама жасады.

Б.Момышұлы ат.ЖОМ-нің оқушысы Нурпеисова Карина Әл-Фарабидің нақыл сөздеріне талдау жасап, Ахметова Айлана Әл-Фарабидің өмірі жайлы қызықты фактілерге тоқталды. Әдия Өмірзаковна Әл-Фарабидің еңбегі жайлы айтып берді және ұлы ойшылдың еңбегін зерттеуге кеңес берді.

Гүлнар Баубекова Әл-Фарабидің астрономия саласындағы еңбегі жайлы баяндады. Конференцияны ұйымдастырған «Каламгер» баспасөз орталығының жетекшісі Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ - БАТЫР ТҰЛҒА

2020 жылдың 27 қараша күні «Бауыржан Момышұлы – батыр тұлға» атты онлайн іс-шара өтті. 2020 жылы Елімізде атақты Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының 110-жылға толу мерейтойы аталып өтілуде.

Аталмыш шараны «Каламгер» орталығының жас журналистері және олардың жетекшілері Асем Аипова ұйымдастырды. ZOOM платформасында өткен онлайн кездесуге Павлодар қаласының Бауыржан Момышұлы атындағы 7 «г» сынып оқушылары және олардың сынып жетекшілері Гулмайрам Ракишева қатысты.

Деректі фильмнен балалар батырдың өмірі мен балалық шағынан қызықты фактілерді білді. Балалар өздерінің баяндамаларында әскери басшының, жазушының, Қазақстанның Халық қаһарманының шығармашылығын, нақыл сөздерін, афоризмдерін талқылады.

Гулмайрам Ракишева ержүрек қолбасшының ерліктері туралы және 2015 жылғы 8 мамырда Павлодар қаласының №22 мектебіне Бауыржан Момышұлының есімі берілгені туралы айтты. Әсем Аипова «Тұлға тұнған білім, есімім елге мәлім – Бауыржан Момышұлы» атты викторинасын өткізді. Балалар кейіпкердің балалық шағы, өмірі, соғыс жылдары, шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап берді.

Бауыржан Момышұлы сынды батырлар жүз жылда бір рет туылады. Сонау 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында, Момыналы ауылында, Момыш ауылдық атымен аталған отбасында қуанышты оқиға болды. Төрт қыздан кейін көптен күткен ұлы Бауыржан дүниеге келді. Оның тәрбиесінде әже Қызтумас үлкен рөл атқарды. «Менің болашақ мұғалімдерімнің ішінен маған әжем, әкем және дана қарияларым секілді білім-тәрбие берген емес...», - деді атақты қолбасшы. Бауыржан Момышұлы тек әскери адам ғана болған жоқ, ол тамаша жазушы, «Офицер күнделігі», «Бір түннің тарихы» әңгімелер жинағының авторы ретінде де танымал.

- Бауыржан Момышұлының кітаптары әділдікке, парасаттылыққа, үйретіп, кез-келген жағдайда нағыз жауынгер, ер, батыр адам болып қала білуге баулиды. Бұл баға жоқ даналықтың қайнар көзі, батырдың шығармаларын түсіну, зерделеу біздің парызымыз, - деп атап өтті Әсем Аипова.





ЖЫР ЖҮЙРІГІ - МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

2021 жылдың 12 ақпан күні Оқушылар сарайында «Әр өлеңі – бір әлем» атты Мұқағали Мақатаевтың 90-жылдығына арналған әдеби – поэзиялық кеш өткізілді. Ағымдағы жылдың 9 ақпан күні Елімізде қазақтың мұзбалақ, лирик, мәртебесі биік ақиық ақынның 90-жылға толу мерейтойы аталып өтілуде.

Аталмыш шараны «Қаламгер» орталығының жас тілшілері және олардың жетекшілері Әсем Аипова ұйымдастырды. ZOOM платформасында өткен онлайн кездесуге Баянауыл, Аққулы аудандары мен Павлодар қаласының № 25, 37, Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназиясының оқушылары қатысты.

Поэзия кешінің құрметті қонақтары ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Павлодар қаласының Құрметті азаматы, Байғалы Шолпан Байғалықызы, және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Найзатас» журналының жауапты хатшысы, павлодарлық жас ақын Айбек Оралхан болды.

Онлайн кештің қонағы Шолпан Байғалы оқушыларға студенттік өмірі кезінде, Мұқағали ағамен Алматы қаласында, ақындардың кешінде алғаш кездескенің баяндап берді. Шолпан апай ақынның өлеңдерін өзінен естігенін, айтып оқушыларды әңгімесімен баурап алды.

Айбек Оралханның танымдық әңгімесінен оқушылар Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы, әжесі мен ата-анасы, сүйікті жары Лашын жайлы қызықты деректерге қаныќ болды. Сонымен қатар Айбек Оралхан ақынның шығармашылығына толық тоқталып, «Пай, пай,Өмір!» өлеңін оқып берді. Көркемсөз шеберлеріне Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқымас бұрын, Абайдың, Махамбеттің, Мағжанның, Қасымның шығармаларын оқуға кеңес берді.

- Мұқағали Мақатаев – бүгінде бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген сүйікті ақын. Оның өлеңдерін ықыласпен оқымаған, сөздеріне жазылған әндерін ынтыға тыңдамаған иісі қазақта ешкім жоқтығы белгілі. Ол – қазақ халқының салт – дәстүрі мен тұрмыс – тіршілігін сезімталдықпен жырлаған ақын, - деді Айбек Оралхан.

Поэзия кешінің соңында оқушылар ақынның «Ей,өмір», «Поэзия», «Сәби болғым келеді», «Шыда,шыда», «Жас қайын», «Өмір жайлы», «Райымбек! Райымбек!» поэмасынан үзінді, «Үш бақытым» өлеңі ағылшын тілінде оқылды.

- Мұқағалидің поэзиясы таусылмайтын қайнар бұлақ. Бүгін оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқып, шығармашылығына терең үңілді. Артында өшпес мұра қалдырған талант иесін оқушылармен таныстыру, өлеңдерін жатқа оқу біздің парызымыз, - деп атап өтті кеш ұйымдастырушысы Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Рухани жаңғыру» кабинетінде «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы аясында жерлес ақындар, аймағымызға еңбегі сіңірген қоғам қайраткерлерімен кездесулер өткізілді

АЙТЫСКЕР АҚЫНМЕН КЕЗДЕСУ

2018 жылдың 17 сәуір күні Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, айтыскер ақын, сазгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Аманжол Әлтаймен кездесу өтті.

Айтыскер ақынмен кездесуге Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандырылған мектебінің оқушылары және Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназия интернатының оқушылары келді.

- Қазақ халқы әнге бай, өнерлі халық. Халқымыздың асыл қазынасын, музыка өнерін дамытып, рухани байлығымызды бойымызға сіңіру - біздің басты талабымыз.

Өскелең ұрпақ ұлттық өнер жайлы білу керек, - деді Аманжол Әлтай.

ЖУРНАЛИСТПЕН ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

2018 жылдың 25 сәуір күні ҚР-ның мәдениет қайраткері, Еліміздің құрметті журналисті, Құрмет Орденінің иегері Ғалия Құсайынқызы Балтабаевамен кездесу өтті. Журналистпен кездесуге Оқушылар сарайының «Қаламгер» студиясының жас тілшілері, «Үркер» клубының тәрбиеленушілері жиналды. Шара барысында оқушылар Ғалия Құсайынқызының өмірі және шығармашылығымен толық танысты. Сонымен қатар аймағымыздың «ERTIS» арнасынан Ғалия Балтабай туралы сюжет көрсетілді. Жас тілшілер Ғалия Балтабайдың балалық шағынан бастап, қазіргі таңға дейінгі фотосуреттерден құрылған слайдтарды тамашаласа, ал Ғалия апай суреттерге пікір білдіріп отырды. Ғалия апайдың мазмұнды әңгімесі жас тілшілердің сұрақтарынан өрбіді.

Қазіргі таңдағы зейнет жасындағы ардагер журналист Ғалия Балтабай Павлодар облысы, Железин ауданы Аққайың ауылында 1 маусым күні, 1948 жылы дүниеге келген. Көп жылдары Қазақ радиосында, 1987-1997 жылдар аралығында Республикалық Қазақ радиосының Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі қызметіне тағайындалады және Павлодар облыстық телеарнасының қазақ тіліндегі жаңалықтар редакциясын басқарады. Ғалия Балтабайдың сын хабарларының нәтижесінде Павлодарда Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ театры, облыстық балалар ауруханасы, Екібастұзда қазақ мектептері мен балалар бақшасы ашылды. 20-дан астам соғыс мүгедегі мен ардагерлері, тұрмысы төмен адамдарға тұрғын үй алып беруге телехабарлары арқылы көмектескен. 1997 жылы Ғалия Құсайынқызы Астана радиосына қызметке ауысады. Ал 2001 жылы Павлодар облыстық радиосына директор қызметіне ауысып, республикалақ конкурс-тендерлерден өтіп, Павлодар радиосын FM жиілігіне шығарады. Сөйтіп облыста радионы сақтап қалды. Бұл республикадағы жалғыз қалған облыстық радио екенін мақтанышпен айта аламыз. Ғалия Құсайынқызы 42 жыл еліне тапжылмастан қызмет етіп, 61 жасында зейнетке шықты.

Кездесу барысында Ғалия апай оқушыларға өмірінің қызықты сәттерін, журналистика мамандығының қызығы мен қиындығын, отбасы туралы шер тарқатып, өзінің жұмыс жолындағы мол тәжрибесімен бөлісті.

- Көп оқып, іздену, халықты сүю, шындықты жазу керек. Жалқау болмай, бастаған ісінің нәтижесіне қол жеткізу керек, - деп Ғалия Балтабай өз ойымен бөлісті, болашақ журналистерге ақ тілегін білдірді.

Айта кетсек, Ғалия Құсайынқызы 2018 жылдың 1 маусым күні 70 жасқа толады. Елмізге еңбегі сіңген атақты журналист, өз ісінің маманы, көп жылдардан бері қоғамға жасаған еңбегі еленіп, 70-жылдық мерейтойы облыс көлемі бойынша дүркін аталып өтіледі. Кездесу соңында Ғалия Балтабай өзінің қалам ұшынан туған «Қалдырған ізің - мәңгілік», «Туған жер перзенттері» атты кітаптарын оқушыларға табыстады. Аталмыш кездесу Оқушылар сарайында ашылған «Рухани жаңғыру» кабинетінде әдіскер Әсем Аипованың ұйымдастыруымен өткен болатын.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫМЕН КЕЗДЕСУ

2019 жылдың 31 қаңтар күні жастар жылы аясында жас домбырашы, әнші «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Алексей Лодочниковпен кездесу өтті. Алексей өзінің балалық шағы мен шығармашылық жолын айтып берді. Қазіргі таңда Алексей музыкалық колледжінің «Домбырада дәстүрлі ән айту» бөлімінде оқиды. Ол облыстық және республикалық музыкалық конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр. Оқуын жалғастырып жүріп Алексей «Жас Отан» жастар қанаты басшысы болып тағайындалды. 2014 жылы Алексей алғаш рет Елбасының алдында өнер көрсетті.

Кездесуге Оқушылар сарайының «Жас екпін» домбыра ансамблі, жасұландықтар, Құрманғазы атындағы №1 музыкалық мектебінің оқушылары қатысты. Алексеймен жақын танысу үшін кездесу қатысушылары оның жеке фото-бейне мұрағатынан алынған материалдармен танысты. Балалар Алексейдің шығармашылығы, алдағы жоспарлары жайлы, Жастар жылының ашылуына байланысты өткен форум туралы сұрастырды. Алексей барлық сұрақтарға жауап беріп, өзінің сүйікті «Қазақ осы» деген әнің шырқап берді. «Жас екпін» ансамбілінің тәрбиеленушілері «Ерке сылқым» күйін орындады. Алексей мемлекеттік тілді жетік меңгерген, кездесу барысында оқушылармен қазақ тілінде сөйледі. Кездесуді «Қаламгер» баспасөз орталығының тәрбиеленушілері және олардың жетекшілері Әсем Аипова ұйымдастырып, жүргізді.

- Маған жастармен кездескен ұнайды.

Бүгінгі оқушылармен өткен кездесу маған аса қызық болып тұр, өйткені Оқушылар сарайынан талай талантты түлектер ұшып шыққан, - деп өз ойымен бөлісті Алексей Лодочников.

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

2018 жылдың 16 наурызында әр жылдары Павлодар облыстық телерадио компаниясында редактор, «Сарыарқа самалы» газетінің тілшісі болған, «Найзатас» газетінің шолушысы, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының «Ертіс дидары» газетінің редакторы, журналист, ақын, қоғам қайраткері Арман Қанимен кездесу өткізілді. Кездесуге Оқушылар сарайының «Қаламгер» студиясының жас тілшілері, Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық дарынды балаларға арналған гимназия оқушылары, «Луч» шығармашылық бірлестігінің тәрбиеленушілері жиналды. Оқушылар жазушының мектеп қабырғасында оқып жүргенде сабақ үстінде отырып, өлең жазуды ұнататының, Мәди Бәпиұлының «Қарқаралы» атты өлеңдерін жас кезінде сүйіп оқығандығын білді. Жаяу Мұсаның жиеншары Арман Қани, оның «Ақ сиса» атты өлеңдерімен өскенін айтып берді. Сонымен қатар мектепте оқып жүргенде ата-бабаларымыз секілді тәуелсіздікті аңсаған жас патриот Арман оқушы Павлодар қаласының №3 мектеп-интернатынан ұлтшыл жасөспірімдердің «Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйымын құрып, жұртшылықты кеңестік отаршылдыққа қарсы бас көтеруге шақырған өлеңдер жазып, үнпарақтар таратқанын оқушыларға айтып беріп, тіпті мектептен қуылғанын жасырмады. Оқушылардың сұрауы бойынша ақын «Тылсым түндер» деген шығармасын жатқа оқып берді.

- Балалар, сендер біздің батыр бабалар көрмеген, кезінде елі үшін, жері үшін күрескен, Тәуелсіздікті аңсап өткен ата-бабалардың ұрпақтарысыңдар. Батыл жүрек, қайсар азамат болыңдар! Осындай заманауи «Рухани жаңғыру» кабинетінде, білім алып отырған нағыз бақытты балалық шақта өмір сүріп жатырсыңдар! Ана тілін сүйіңдер, бабалар қалдырған туған жерді қастерлеңдер, туған тілге құрмет көрсете біліңдер! – деді ақын Арман Қани.

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫМЕН КЕЗДЕСУ

2018 жылдың 11 желтоқсан күні филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің қазақ тілі және журналистика кафедрасының меңгерушісі, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының қатысушысы Айман Файзоллақызы Зейнулинамен кездесу өтті.

Кездесуге «Жас дарын», Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектептің оқушылары, жас тілшілер мен олардың ата-аналары қатысты. Шара басында Оқушылар сарайының «Жас екпін» үлгілі домбыра ансамблі «Көңіл ашар» күйін орындап, 1986 жылы желтоқсан көтерілісі туралы деректі фильмді тамашалады. Айман Файзоллақызы өзінің өмірбаяны, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оқытушылық қызметі туралы баяндап берді.

Сонымен қатар Айман апай 1986 жылы желтоқсан айында болған көтерілістің қиын-қыстау кезеңін әңгімелеп беріп, одан кейін оқушылар назарын жуырда шыққан Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына аударды. Оқушыларға ана тілін қастерлеп, қазақ елінің салт-дәстүрін жақсы біліп, өз еліне қажымай еңбек етулеріне тілек білдірді.

Оқушылар Айман Файзоллақызын бар ынталарымен тыңдады. Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектептің оқушылары өз қалам ұшынан шыққан Отан, Тәуелсіздік туралы керемет өлеңдер оқып, барлық оқушылардың көңілдерінен шықты.

Кездесуді «Қаламгер» баспасөз орталығы дайындап, жас тілші Бахтияр Даниялов пен жетекшілері Әсем Аипова жүргізді.

ӘНШІ РИНАТ МАЛЦАГОВПЕН КЕЗДЕСУ

2019 жылдың 15 ақпан күні Жастар жылы аясында Қазақстан эстрадасының жұлдызы, Ринат Малцаговпен кездесу өтті. Кездесу барысында Ринат оқушыларға өзінің балалық шағы мен шығармашылық жолы, сахна өнерінің қызықтары мен қиындықтарын баяндап берді. Ринатпен жақын танысу үшін кездесудің қатысушылары оның жеке фото-бейне мұрағатынан алынған материалдарды қарады. Балалар Ринатқа көп сұрақтар қойып, әсіресе оларға әншінің қазіргі таңдағы шығармашылық жолы қатты қызықтырды. Жастар жылының ашылуына байланысты сұрақтар болды. Ринат кездесуде Шәмші Қалдаяқовтың «Арыс жағасында» әнің тамаша орындап берді. «Superstar KZ» жобасының жұлдызы, әнші Ринат Малцаговтың жетістіктері өте көп. Ол Павлодар

қаласында өткен «Хрустальный звон» ән байқауына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Ринат Оқушылар сарайында «Свет звезды» үлгілі ән театрында вокалмен айналысқан.

АБАЙТАНУШЫ ДАНИЯЛ АСЕНОВПЕН КЕЗДЕСУ

2019 жылдың 8 ақпан күні қоғам қайраткері, абайтанушы Даниял Асеновпен кездесу өтті. Павлодар өңірінде Даниял ағаны «Біздің Абай» деп таниды. Себебі, ол кісі соңғы отыз жылдай мерзім ішінде халық арасында, әсіресе жастар арасында Абайдың, Шәкәрімнің, Мағжанның, Мәшһүр Жүсіптің, Сұлтанмахмұттың шығармашылықтарын және ауыз-әдебиет үлгілері «Қыз Жібек», «Қобыланды» дастандарын жатқа айтып отырады. Даниял аға жиналған жұртшылыққа Абайдың қара сөзін, «Қыз Жібек», «Қобыланды» жырларын жатқа оқыды. Даниял Асеновтың айтуынша Абай шығармашылығымен айналысуға түрткі болған Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында Елбасының ЮНЕСКО-да Абайдың 150-жылдығын тойлау туралы ұсынысы болды. Шараға Павлодар қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия интернатының оқушылары мен ұстаздары, Оқушылар сарайының

тәрбиеленушілері мен педагогтері қатысты. Сонымен қатар кездесуге Алматы қаласынан қаламызға жұмыс сапарымен келген «Қазақстан» арнасының тілшісі Назерке Елшібаеа қатысты.

- Құрметті балалар, егерде сендер, Абайдан қалған өсиет пен ақылын орындасаңдар, егемен еліміз көркейіп, болашақтарын жарқын болмақ, - деді Даниял Асенов.

«АДАМ СУРЕТШІ БОЛЫП ТУАДЫ»

2019 жылдың 2 қазан күні суретшілер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының суретшілер академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері Қабдыл-Ғалым Каржасовтың 65-жылдығы атап өтілді.

Қабдыл-Ғалым Каржасов Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Үлгілі ауылында дүниеге келген. Н. В. Гоголь атындағы Алматының көркемөнер училищесін бітірген. Ол қазақ халқының қолөнері мен дәстүрлеріне негізделген суретшілік табиғи дарынға ие болып, пластикалық және бейнелеу өзіндік жүйесінде стилін дамытқан. Суретшінің көптеген еңбектері А. Кастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында, Павлодар, Семей, Атырау, және Қарағанды өнер мұражайларында ұсынылған.

Кездесудің құрметті қонағы павлодарлық суретші, портретші, дизайнер-модельер, режиссер Галина Яковлевна Беспалова болған еді.

- Адам баласы суретші болып туады! Өмірді, адамдарды, қоршаған ортаңызды сүю керек, өз жұмыстарыңызды жақсы істеу керек. Сонда сіз табысқа жетесіз, - деп Галина Беспалова жас суретшілерге сәттілік тіледі.

ЖАСҰЛАНДЫҚТАРДЫҢ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУІ

2019 жылдың 29 қараша күні «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының жас патриоттары Тұңғыш Президент күні алдында «Жасыл ел» облыстық аппарат штабының жетекшісі Абай Уахитпен және жас кәсіпкер Дихан Аманжоловпен кездесу ұйымдастырды. Абай Уахит алдыңа мақсат қойып, және оған жетудің жолдарын айтып берді. Биылғы жылы «Жасыл ел» облыстық штабы 2000-нан астам адамды жұмыспен қамтамассыз еткен болатын. Абай спортпен шұғылданғанды ұнатады. Жас саясаткер өзінің іскерлік костюммен жүгірген

марафоннан кейін қалай танымал болғандығы туралы әңгімелеп берді. Дихан Аманжолов балалар-жасөспірімдер ұйымының көшбасшыларына өз жетістігі туралы әңгімеледі. Дихан сонымен қатар белсенді өмір салтын ұстанушы болып табылады, ол өзінің бірінші марафонын 3 сағат 50 минутта жүгіргенін баяндады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖҰЛДЫЗДЫ МАМАНДЫҚПЕН ТАНЫСУ

2020 жылдың 3 ақпанында «Антарес» клубының жетекшісі Гүлнар Баубекова Мәскеу авиациялық институтының ғылым және технологиялар кафедрасының студенті Ербол Айдарханмен кездесу ұйымдастырды.

Ербол - Ақсу қаласындағы №1 мектептің түлегі, қазіргі таңда Байқоңырда Мәскеу авиациялық институтының «Восход» филиалында «Ұшақты сынақтан өткізу» мамандығы бойынша төртінші курсында оқиды.

Ербол балаларға инженерлік мамандықтың ерекшеліктері, Байқоңыр ғарыш айлағындағы тәжірибе және авиация саласындағы соңғы жаңалықтар туралы айтып берді. Бала кезінен авиациялық модельдеуді ұнататын, сондықтан ол саналы түрде Авиация институтына түскенін баяндады.

- Бала кезіндегі сүйікті істерін сендерге болашақ мамандықты таңдауға шынымен көмектеседі. Жоғары оқуға түскен кезде емтихандарға жақсылап дайындалу керек», - деп Ербол Оқушылар сарайының тәрбиеленушілеріне ақ тілегін білдірді.

- Болашақ мамандыққа кәсіби бағдар беру - біздің клуб жұмысының басты бағыты. Біз авиациялық және ғарыш саласының өкілдерімен жиі кездесеміз. Балалар Мәскеу авиациялық институтының мамандықтары туралы білуге қызығушылық танытты. Балалар қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров сол институтты бітірушілердің бірі екенін білді», - деді Гүлнар Баубекова.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ӨРКЕНДЕУ КЕЗЕҢІ

2019 жылдың 4 желтоқсан күні «Алтын Орданың өркендеу кезеңі» атты №11, 41, 39 ЖОББМ-не арналған тарих сабақтары өтті. Сабақтың қонақтары археолог, ПМПУ-дегі Алкей Марғұлан археологиялық орталығының ғылыми қызметкері Татьяна Николаевна Крупа және №18 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Асхат Смағұлұлы Мұқанов болды. Олар Алтын Орданың өркендеу кезеңдері мен ескерткіштері, зерттеудің нәтижелері туралы әңгімеледі. Археологиялық экспедицияда бай әйел атанған Болған Ана кесенесінің зираттарын таңқандарын мәлімдеді. Табылған заттардың ішінде жақсы сақталған маталар да бар. Балалар археологтардың жұмысы туралы, 2018 жылы қазба жұмыстары кезінде табылған киімдер

мен технологиялық зерттеулердің қалай жүргізілетіндігі, алынған материалдарды тазарту және сақтау туралы білді.

«МЕНІҢ КІШІ ОТАНЫМ» КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛДІ

2019 жылғы өткізілген «Менің кіші Отаным» атты облыстық конкурсы Жастар жылына арналған болатын.

Сәуір айында Павлодар облысының 96 жалпы білім беру мектептерінен қалалық және аудандық іріктеу кезеңдері өтті. Облыстық турға келесі 10 мектеп өтті. Олар: Железин №2 ЖМ, Май ауданы Жалтыр мектебі, Баянауыл ауданы Ш.Айманов атындағы мектеп-интернаты, Ақтоғай ауданы Муткенов ЖОМ, Ертіс ауданы Ұзынсу ЖМ, Аққулы ауданы Лебяжі ЖМ, Павлодар ауданы Красноармейка ЖМ, Павлодар №25 және №41 ЖОМ, Ақсу қаласы мектеп-лицейі. «Біз өзіміз туралы айтамыз» атты кезеңінде өз ауданының немесе қаласына зор үлес қосқан танымал адамдар туралы бейнеролик көрсетті. «Ұлы даланың Ұлы есімдері» зияткерлік сайысында Қазақстанның атақты адамдары туралы және Ертіс өлкесінің тарихы жайлы оқушылардың білімдерін анықталды.

Сайыстың жеңімпаздары:

Ертіс ауданы, Ұзынсу ЖМ – 1 орын,

Павлодар қаласы, № 41 ЖОМ – 2 орын,

Аккулы ЖОМ, Лебяжі ауданы, – 3 орын.

КИЕЛІ ЕРТІС ЖЕРІНЕ САЯХАТ

2018 жылдың 5 сәуір күні Оқушылар сарайының әдіскерлері Бахыт Беккожина, Данагул Бисенова және Айгерым Оразбаева «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Киелі Ертіс-Баян өңірі: тарихқа оралу» атты іс шара өткізді. Шараға Оқушылар сарайының «Ориентир» клубының 13 тәрбиеленушісі қатысты. Балалар Павлодар облысының киелі жерлері бойынша интербелсенді навигатормен жұмыс жасап, өздері саяхатшылар болды, алған білімдерін «саяхатшының қойын дәптеріне» жазып алып, аймағымыздың киелі жерлері бойынша коллаждар жасады.

Іс шараның сонында балалар облысымыздың киелі жері «Қаз қонақ» жерінде кездесіп, Ертіс-Баян өңірінің сакралды жерлері бойынша картаны құрастырып жасады.

2018 жылдың 19 сәуір күні «Альтаир» клубының тәрбиеленушілері үшін «Киелі жерлерге саяхат» атты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сюжетті-рольді ойын бағдарламасы өткізілді.

Аталмыш шараны Оқушылар сарайы әдістемелік бөлімінің әдіскерлері Бахыт Беккожина мен Айгерым Оразбаева дайындады.

Бұл ойын Павлодар Ертіс өңірінің киелі жерлерін танып, білу мақсатында ұйымдастырылды.

Сюжеттік ойынның барысында кейбір оқушылар киелі жерлердің экспедиторлары болса, ал басқа оқушылар шетелден келген туристер болып, кабинеттің ішіндегі экскурсия жүргізуші маманға үш тілде сұрақтарды шебер қойды.

Қызықты және мазмұнды ойынға қатысқан оқушылар болашақта Ертіс-Баян өңірінің киелі жерлерінің тарихымен терең танысуға, сондай-ақ туған жерінің қасиетті жерлеріне баруға ұсыныс білдірді.

ЖАС АСТРОНОМДАР ЖАМАНШЫҢНАН ЖАҢАЛЫҚ ӘКЕЛДІ

2019 жылдың 16 қыркүйек күні Жаманшың метеорит кратері бойынша Халықаралық экспедициясына арналған пресс-конференция өтті.

«Антарес» астроклубының жетекшісі Гульнар Баубекова және тәрбиеленушілері Алексей Беличенко және Әмір Каратай Жаманшың кратерін зерттеу бойынша экспедицияның қатысушылары болды.

Жаманшың - метеоритті кратер, ғарыштан шыққан ерекше табиғи нысан, Жерге құлаған метеорит нәтижесінде пайда болған және

Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында орналасқан. Кратер шамамен 1 миллион жыл бұрын пайда болған. Кратер - еліміздің ерекше қасиетті нысандарының бірі болып табылады.

Аталмыш экспедиция 2019 жылдың 7-12 қыркүйек күндері Ақтөбе облыстық планетарийдің бастамасымен өткен болатын.

Қазақстан және Ресейдің астрономия және геология саласының атақты ғалымдары ғылыми-зерттеу экспедициясына қатысты. Олар Флоренский Павел Васильевич – профессор, Ресей жаратылыстану академиясының академигі, әлемге әйгілі геолог (Мәскеу қаласы), Зейлик Борис Семенович – атақты қазақстан геологы, профессор, геология және минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Минералды ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі (Алматы), Виктор Ирохович Гроховский - Урал федералды университетінің физика-технологиялық институтының доценті, Сергиенко Елена Сергеевна – халықаралық метеорит қауымдастығының мүшесі, Санкт-Петербуг мемлекеттік университетінің доценті, Жүніс Сахиев - жазушы-фантаст, астрогеодозист қауымдастығының қатысушысы.

Жас астрономдар пресс-конференцияда кратерді жүріп өткендігі туралы баяндап, жер бетінде табылмайтын ғарыштан шыққан әйнектерді тапты.

- Біз алғаш рет күрделі экспедицияға бардық. Павел Васильевич Флоренский туралы бұрын да естіген болатынбыз, бұл шарада біз оны жақсырақ білдік. Бұл адам ғылымның нағыз аңызы. Болашақта мен де өз мамандығымды геологиямен байланыстырамын деп үміттенемін, өйткені бұл өте қызықты, - деді Әмір Каратай.

- Экспедицияға барған кезде па-

латкаларда тұрып, төтенше жағдайда өмір сүруге үйрендік. Түн мезгілінде жұлдызды аспанды бақыладық, экспедицияда телескоп болды. Бұл жерде аспан өте ашық екен, сондықтан біздің бақылаулар ерекше болды. Әмір екеуміз ғылыми жұмысымыз үшін материал жинақтадық, оны біз жақында аймақтық конференцияда ұсынамыз, - деді Алексей Беличенко.

- Экспедициядан соң Ақтөбе қаласының тарихи мұражайында Жаманшың кратеріне арналған конфе-

ренция өтті. Бұл жерде Жаманшың кратеріне әлемдік деңгейдегі геобақ мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. Бұл біздің Жаманшыңға барған соңғы сапарымыз емес. Мен «Антарес» клубының барлық тәрбиеленушілерін осы жерге әкелемін деген жоспарым бар, - деді Гүлнар Баубекова.

БАЯНАУЫЛДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

2020 жылдың 14 қазан күні М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы және «Bilim Life» жастар YouTube каналы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Павлодар қаласының оқушылары үшін киелі Баянауыл елінің музейлері бойынша онлайн-экскурсия ұйымдастырды.

Баянауыл – киесі мен иесі бар, табиғаты тамаша құт мекен. Баянауыл жері көптеген ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың және қоғам қайраткерлерінің Отаны. Бұл даңқты Бұқар жыраудың, Шоң бидің, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы және жиырмасыншы ғасырдың басындағы композитор Жаяу Мұса Байжановтың, алғашқы қазақтан шыққан тарихшы, ағартушылардың бірі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің және қазақ әдебиетінің классигі, ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың елі.

Онлайн-экскурсия Қаныш Сатбаев атындағы және Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы мемориалдық музейлері бойынша және Зейтін Ақышев және Шәкен Аймановтың мектеп музейлері бойынша өтті.

Оқушылар экскурсияны тамашалай отырып атақты жерлес ақындарымыздың өмірі мен шығармашылығынан көп мәлімет алып, құнды еңбектерімен танысып, жеке заттарын көреді.

Онлайн-экскурсияға Оқушылар сарайының «Қаламгер» студиясының жас тілшілері Бақтияр Даниялов және Елдана Ержан қатысты.

- Бабаларымыз Қазақстанның кең байтақ жерін, төлтума мәдениетін бізге мұра етіп қалдырды. Осы мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, зерттеп, өскелең ұрпаққа таратуымыз керек, - деді әдіскер Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАС БЛОГЕРЛЕР ЕРТІСТІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІН БЕЙНЕЛЕЙДІ

«Ертістің киелі жерлеріне саяхат» облыстық жас блогерлер конкурсы өз мәресіне жетті.

Аталмыш шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Қазақстанның сакралды географиясы» атты арнайы жобасын іске асыру мақсатында өткізілді. Конкурс 2021 жылдың қаңтар айының ішінде өтіп, жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары мен қосымща білім беру мекемелері арасынан 155 жұмыс қабылданды.

Жас суретшілер мен блогерлер Мәшхүр Жүсіп Көпеевтің мешіті, Павлодар қаласындағы Благовещенск шіркеуі, «Жасыбай батыр» ескерткішін, Исабек Ишан кесенесін, Абдул Уахит Хазиреттің кесенесін, Сұлтанбек Сұлтанның үйін бейнелеген.

Қылқалам шеберлерінің бірқатар жұмыстары киелі Баянауыл өліндегі «Кемпіртас» және «Ақбет тау», «Қалмақырылған» мекені, Мәшһүр Жүсіп кесенесі, Жасыбай көлі, «Қоңыр әулие» үңгірі, «Аққараға» тауы, «Сарадыр» бұлағы, Далба тауының етегі, «Найзатас» тауы, «Алтын қыр» сақ қорғанына арналды.

- Балалар өздерінің авторлық суреттерін әр түрлі техникада жасады. Жас суретшілер байқаудың тақырыбын аша білді.

Авторлардың жеке стилін, көркемдік шеберлігін, шығарманың өзіндік ерекшелігін атап өтуге болады, - деді байқаудың қазылар алқасының мүшесі, облыстық Оқушылар сарайының «Палитра» көркем студиясының жетекшісі Васелина Дмитриева.

- Байқау балаларға өңіріміздің қасиетті жерлерін зерттеуге, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, туған жерінің тарихына, Павлодар Ертіс өңірінің танымал тұлғаларының өмірін зерделеуге қызығушылықтарын оятуға көмектесті.

Конкурсқа қатысқан үміткерлер Оқушылар сарайының ресми сайтында орналастырылған Павлодар облысының электронды киелі жерлер картасын пайдаланды, - деді байқаудың ұйымдастырушысы, әдіскер Әсем Аипова.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАС БЛОГЕРЛЕР ӨЗ ЖҰМЫСТАРЫНДА ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІН КӨРСЕТЕ БІЛДІ

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасы және «Қазақстанның сакралды географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында «Ертісің киелі жерлеріне саяхат» атты жас блогерлердің облыстық байқауы өз мәресіне жетті.

Байқауға жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары мен қосымща білім беру мекемелері арасынан 157 жұмыс қабылданды.

Аймағымыздың түкпір-түкпірінен жас блогерлер Павлодар облысының көрнекті жерлерінің бірі және қасиетті орындарынан түскен селфи фотоларын желіге жүктеп қана қоймай, киелі жер туралы мол ақпарат беретін пост жазды. Балалар өздерінің фотожұмыстарында Павлодар облысының барлық жерлерін қамтыған болатын. Олардың фотоларында «Алғаш ұстазға ескерткіш», «Қазқонақ», Жеңіс саябағындағы Мәңгілік алау даңқ обелискі, Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мешіт, Павлодар қаласының бас шіркеуі, Павлодарлық биг-бен және Сұлтанмахмұт Торайғыров, Баян Қасаболатұлы, Майра Уалиқызы, Жүсіпбек Аймауытов, Қосым Пішембаев, Сәбит Дөнентайұлы, Қаныш Сатбаев, Андрей Елгин есімдеріне берілген ескерткіштерді тамашалауға болады.

Қазақстан - бұл ашық аспан астындағы мұражай. Қорғандар, мешіттер, кесенелер, батырлардың жерленген орындары, балбал тастар, ортағасырлық қалалардың қорғандары - осының бәрі біздің мемлекетіміздің тарихы. Балалар Ертіс-Кереку жерінің табиғатының сұлулығын тамаша жеткізе білді. Олар «Кемпіртас» және «Ақбет» таулары, «Қалмаққырылған» мекені, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі, Баянауыл ауданындағы «Қоңыр аулие» үңгірі, «Жасыбай» көлі, Беловка ауданындағы Қаныш Сатбаев атындағы канал, Кеңес ауылындағы «Бұқакүбір» ескерткіштерімен селфи жасады.

Конкурстың қазылар алқасы Оқушылар сарайы «Луч» ШБнің жетекшісі Даулет Даирбаев және Павлодар облысы Білім беру басқармасының «Bilim life» жастар YouTube каналының басшысы Ризат Рахимжанов қатысушылардың жұмыстарын #всесакральныйпавлодарселфи хештегімен қарап, бағалаған болатын.

- Байтақ жеріміздің қасиетті орындары бізді біріктіріп, Отанымыздың және ортақ тарихымыздың символдары болуы тиіс. Өз елінің, аймағының, қаласының, ауылының тарихын білу және зерттеу жас ұрпақ үшін өте маңызды. Бұл патриоттыққа баулып, туған жерге деген сүйіспеншілікті және өткен ғасырларда болған көрнекті тұлғаларға және тарихи оқиғаларға деген құрмет сезіге тәрбиелейді,- деді конкурстың ұйымдастырушысы Әсем Аипова.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЗАМАНАУИ БАЛАЛАР ҮШІН ВИРТУАЛДЫ КІТАПХАНА

2018 жылдың 14 наурыз күні «Жақсы кітап – жан азығы» атты акция өткізілді.

Виртуалды кітапхана сөрелерінде әлемдік әдебиеттің алтын қорынан құралған проза жазушыларының, ақындардың, драматургтердің туындылары қойылған. 1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушыларына арналған кітаптардың тізімдері бар. Оған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармалар енген. Әр басылым QR-кодпен жабдықталған. Виртуалды кітапхананың алғашқы келушілері «Көшбасшы» және «Қаламгер» клубтарының тәрбиеленушілері болды. Оқушылар сарайының кітапханашысы Суворова Татьяна Владимировна балаларға QR-кодтарымен жұмыс жасауды үйретті.

QR коды - бұл пайдаланушы үшін жасырылған ақпараттан тұратын шағын мәтіндік бейне.

Қазіргі заманғы смартфондардың барлығы дерлік QR-кодын кіріктірілген немесе орнатылатын бағдарлама арқылы түсіне алады.

Балалар сөрелерден өздеріне қажет әдебиеттерді тауып алып, жеке кітапханаларын толықтыруға жаңа мүмкіндік алды.



2018 жылдың 15 наурыз күні «Рухани жаңғыру» кабинетінің виртуалды кітапханасына Павлодар қаласының № 41 ЖОББМ-нің оқушылары үшін экскурсия жүргізілді.

Оқушылар сарайының кітапханашысы Суворова Татьяна Владимировна кабинеттің негізгі экспозицияларымен таныстырды.

Кабинетте қазақ халқының бай мәдени мұрасы жайлы материалдар жинақталып, әйгілі ақын-жазушылар, аймақтың замандастары жайлы мәлімет берілген.

Балаларды «Кітап - өмір ұстазы» виртуалды кітапханасы қызықтырды, оның сөрелерінде әлемдік әдебиеттің алтын қорын құрайтын проза жазушылардың, ақындардың, драматургтердің туындылары қойылған.

Суворова Татьяна Владимировна оқушыларға QR-кодтарымен жұмыс істеуді үйретті.

Олар жаңа технологияны тез игеріп, қажет кітаптарды ұялы телефондарына жүктеп алды.

2018 жылдың 18 сәуірінде «Ориентир» клубының тәрбиеленушілері «Кітап – өмір ұстазы» акциясына қатысты. Оқушылар сарайының кітапханашысы Суворова Т.В. балаларға виртуалды кітапханасымен таныстырды.

Ол балаларға телефондарына «QR Code Scanner» бағдарламасын орнатуға көмектесті және QR-кодтарымен жұмыс істеуді үйретті.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫМЕН ТАНЫСАЙЫҚ!

2018 жылдан бастап қазақ тілінен латын жазуына біртіндеп көшуді насихаттау және тарату мақсатында 6 наурыз күні «Өркен» тәрбиеленушілері үшін «Латын графикасын жаттаймыз» атты сайыс-ойын бағдарламасы өтті.

Балалар латын әліпбиінің тарихымен, жаңа латын графикасымен танысып,қазақ тілін кириллицадан латынға аударуға қолдау білдіріп жатты. Ы.Алтынсариннің «Құмырсқа, өрмекші және қарлығаш» атты тәрбиелік мәні зор әңгімесін оқи отыра, мазмұнын талдап, сұрақтарға белсенді жауап беріп отырды. Бұл әңгіме балаларды еңбекқорлыққа шақырады. Балалар дәптерлеріне латын әріптерімен еңбек туралы мақал-мәтелдерді тауып жазды. Ал содан соң өз жазғандарын интербелсенді тақта арқылы тексеріп шықты. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің орыс тілімен сәйкестігін тапты. Үйірменің тәрбиеленушілері сабақта белсенділік танытты. Бұл дегеніміз олар жаңа әліпбиді тез, әрі жетік меңгереді.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ЗЕРДЕЛЕДІ

«Рухани жаңғыру» кабинетінде жұма сайын латын графикасына байланысты сабақтар өткізіліп келеді. 2018 жылдың 13 наурызында «Қазақша сөйлейік» тіл үйірмесінің тәрбиеленушілері үшін «Латын әліпбиімен танысайық!» атты қызықты сабақ өткізілді. Үйірме жетекшісі Сайран Ахантаева тәрбиеленушілерге өлкеміздің мақтанышына айналған ұлы тұлғалар, көпшілікке танымал болған жерлестеріміз жөнінде құнды ақпарат берді. Сонымен қатар тіл мәселесіне байланысты қазақ әліпбиінің тарихы, Елбасы бекіткен жаңа латын қаріптері туралы мәліметтермен таныстырып шықты.

Сайран Болатқызы тәрбиелік мәні зор Ы. Алтынсаринның «Жаман жолдас» әңгімесі бойынша мәтінмен жұмыс жасады. Оқушылар мәтіннен негізгі сөздерді теріп, латын әріптерімен тақтаға жазуды үйреніп, өздерін тексеріп, сөздерді дұрыс оқи алатындарына көздерін жеткізді. Оқушылар сөздік қорын байытуға бағытталған «Шаршы» ойынын латынша әріптермен жазып, ойнады. Сабақтың соңында латын әріптерімен жазылған тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдерді оқып, ал кейбір тәрбиеленушілер мақалдарды жаттап алды.

- Бұл өткізілген сабақта балалар латын графикасының ағылшын тіліне ұқсастығын байқады. Кейбір балалар қайта шабыттанып, белсенділік танытты. Қосарлы «я» , «ю» дыбыстарына байланысты сұрақтар қойды, – деді үйірме жетекшісі Сайран Ахантаева.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

2018 жылдың 27 қараша күні бағдарламасын іске асыру аясында «Латын графикасына көшудің тиімділігі» атты тақырыптa іс-шара өткізілді. Аталмыш шараға Павлодар облысы тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Даулет Темірбай Айдарбекұлы қатысты. Баяндамашы біздің аймақта осы салада жасалып жатқан іс-шараларға тоқтады, латын әліпбиіне көшудегі халықаралық тәжірибеге, әлемде латын әліпбиінің таралуына назар аударды.

Жалпы қазақ тілінің әліпбиі латын графикасына кезең-кезеңімен көшетін болады. Елбасы Үкіметке қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және заңнамалық сипаттағы өзге де шаралар қабылдау туралы нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, қазақ тілінің латын графикасында жазу емле ережелері мен орфографиялық сөздіктер әзірлеу жұмыстары жүргізілетін болады. Осы орайда латын графикасындағы қазақ әліпбиінің емле ережелерін дайындау кезінде сәйкессіздіктер туындап жатқан жағдайда әліпбиге өзгеріс енгізілуі де мүмкін. Кездесуде қазақ тілі үйірмелерінің тәрбиеленушілері алған ақпараттар бойынша сауалдар қойып, өз пікірлерімен бөлісті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен бекітілген жаңа әліпбиі бойынша оқушылар мәтіндер оқыды. Сонымен қатар оқушылар латын графикасына сүйеніп жасалған лото ойнына белсенді қатысты.

Бұл сайыстар балалар үшін көп қиындық туғызған жоқ, себебі олар ағылшын тілін үйренгенде, бұл әріптермен танысқан болатын.

Қазақ тілі үйірмелерінде қосымша білім беру педагогтері Сайран Ахантаева және Әсима Оспанқұлова сабақ барысында тәрбиеленушілерді латын әліпбиімен таныстырып, әртүрлі шығармашылық сайыстар өткізеді.

Оқушылар ана тілі туралы мәнерлеп өлең оқып, өзара жарысқа түсті. Кездесу өте пайдалы, ақпаратқа мол болды. Жалпы кездесуге 25 оқушы қатысты.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫН БІЛЕСІҢ БЕ?

2019 жылдың 17 мамыр күні «Ұлы даланың жеті қырын білесің бе?» атты интеллектуалды сайысы өткізілді. Сайыстың басты мақсаты оқушыларға қазақ халқының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін насихаттау, патриоттық тәрбие беру.

Сайысқа Павлодар қаласының №2 ЖОББМ-нен «Көшпенділер» тобы, дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 мектеп-лицейінен «Ұлы дала мұрагерлері» тобы және Оқушылар сарайының «Қаламгер» студиясынан «Томирис» тобы қатысты.

Танымдық ойын «Ұлы даланың жеті қыры» атты бейне роликтен басталды. Сайыс жеті кезеңді қамтыды. Командалар топтарын таныстырып, ұлы даланың жеті қыры бойынша өздері дайындаған презентацияларын қорғады, ұлттық ат-спорт түрлерін ажыратты. Ойынның «Кім жылдам» кезеңінде «Ұлы даланың есімдері» бойынша дайындалған сұрақтарға барлық командалар толық жауап беріп, білімдерін ортаға сала білді. Сайысқа қатысушылар «Өнер алды – қызыл тіл» кезеңінде мақал-мәтел жарысынан үздік білім көрсетіп, ақындық қабілеттерін де паш етті.

Әділ-қазылардың шешімі бойынша бірінші орынды Павлодар қаласының №2 ЖОББМ-нің оқушылары «Көшпенділер» тобы иеленді. Ал екінші орынды Оқушылар сарайының жас тілшілері «Қаламгер» тобы жеңсе, үшінші орынды дарынды балаларға арналған Абай атындағы мектеп-лицейінің «Ұлы дала мұрагерлері» тобы қанжығасына байлады.

-Бүгін біздің сайысымызда оқушылар атқа міну мәдениеті, ұлы даланың ежелгі металлургиясы, Алтын адам, алма мен қызғалдақ, Ұлы жібек жолы туралы мол мәлімет алып, өз білімдерін де жақсы көрсете білді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан тұтатын халықтың болашағы зор. Қазіргі өскелең ұрпақ өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білетін жастар болу керек, - деді Оқушылар сарайының әдіскері, сайыс ұйымдастырушысы Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАНДАРЫ

2019 жылдың 11 желтоқсан күні «Ұлы даланың ұландары» атты интеллектуалды сайысы өткізілді. Сайыстың басты мақсаты оқушыларға қазақ халқының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін насихаттау, патриоттық тәрбие беру.

Сайысқа Павлодар қаласының №25 ЖОББМ-нен «Жасstar» тобы, №37 ЖОББМ-нен «Алау» тобы, № 35 мектептің «Болашақ» тобы қатысты.

Ойынның «Кім жылдам» кезеңінде «Ұлы даланың есімдері» бойынша білімдерін кеңейтті, ал «Сандар сөйлейді» кезеңінде егемен еліміздің тарихына, айтулы даталар бойынша сұрақтарға жауап берді. Сайысқа қатысушылар жергілікті ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын зерделеп мерейтой иелерімен танысты. «Өнер алды – қызыл тіл» кезеңінде мақал-мәтел жарысынан үздік білімдерін көрсетті.

Әділ-қазылардың шешімі бойынша бірінші орынды Павлодар қаласының №37 мектебінің оқушылары «Алау» тобы иеленді. Ал екінші орынды № 35 мектептің «Болашақ» тобы женсе, № 25 мектептің «Жасstar» тобы үшінші орынды қанжығасына байлады.

ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕМАЛЫС

2020 жылдың 9 қаңтар күні «Ұлы даланың ұландары» атты интеллектуалды сайысы өткізілді. Сайыстың басты мақсаты оқушыларға қазақ халқының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін насихаттау, патриоттық тәрбие беру.

Сайысқа Павлодар қаласының Қалижан Бекхожин атындағы мектебінің «Алаш» тобы, №2 ЖОББМ-нен «Көшпенділер» тобы, №7 ЖОББМ-нен «Достық» тобы қатысты.

Әділ-қазылардың шешімі бойынша бірінші орынды Павлодар қаласының №7 мектебінің оқушылары «Достық» тобы иеленді. Ал екінші орынды № 2 мектептің «Көшпенділер» тобы женсе, Қалижан Бекхожин атындағы мектептің «Алаш» тобы үшінші орынды қанжығасына байлады.

- Сайыста оқушылар «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын зерделеп, жергілікті ақын-жазушылардың, мерейтой иегерлерінің өмірі мен шығармашылығына тоқталды, - деді Оқушылар сарайының әдіскері, сайыс ұйымдастырушысы Асем Аипова.

АБАЙ МҰРАСЫ-ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

2019 жылдың 23 қазан Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері қазақ халқының ұлы ақыны, философ – гуманист, композитор Абай Құнанбаевтың 175-жылдығын атап өтті. «Абай мұрасы-халық ұлағаты» атты әдеби-музыкалық қонақжайға Оқушылар сарайының «Жас екпін» үлгілі домбыра ансамблі, Құрманғазы атындағы №1 музыка мектебі, Абай атындағы №10 дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің және № 7 ЖОМ-нің оқушылары қатысты.

Әдеби-музыкалық қонақжайдың құрметті қонағы абайтанушы, қоғам қайраткері, Журналистер Одағының мүшесі және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі – Даниял Сабырұлы Асенов болды. Даниял аға Абайдың өлеңдерін оқып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты көп мәлімет айтты.

Қазақтың ұлы ағартушы ақыны Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Шыңғыс тауларында Тобықты руында дүниеге келген. Оны мейірімді, тапқыр Ұлжан анасы және ақылды, аққөңіл, адал Зере әжесі тәрбиеледі. Абай Семей медресесінде, орыс мектебінде оқып тамаша білім алды. Абай Құнанбаев жастайынан әдебиетке (орыс, еуропалық), сондай-ақ шығыстанушы ғалымдардың еңбектеріне, орыс және шетел классиктерінің шығармаларын сүйіп оқыды. Абай музыкаға деген таланты ерекше болды - бірнеше танымал әндердің авторы болды.

Балалар Абайдың өмірі туралы деректі фильмді тамашалап, ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп, ескермедім», «Күз», «Әсемпаз болма әрнеге», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өлең сөздің патшасы», «Тоты құс түсті көбелек» өлеңдерін жатқа оқыды. Оқушылар сарайының «Жас екпін» үлгілі домбыра ансамблі «Қос алқа» күйін ойнады.

Павлодар қаласының №1 музыка мектебінің қобыз ансамблі «Айттым сәлем қаламқас» әнің тамаша орындап берді. Абай атындағы №10 дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің оқушысы Адина Хабибулла Абайдың «Көзімнің қарасы» өленің тамаша шырқады, ал

Малика Абдилева, Айдана Артықбаева, Айсана Казиевалар Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын сомдап берді.

-Абай өзінің шығармашылығымен тіл – халықтың жаны екенің дәлелдеді. Әрбір тіл бұл адамзаттың рухани мұрасы, ал мәдениеті – бұл әлемдік өркениетке баға жетпес үлес,- деді Даниял Асенов. Әдеби-музыкалық қонақжайды әдіскер Әсем Аипова ұйымдастырып, «Қаламгер» баспасөз орталығының жас тілшілері Бактияр Даниялов, Аңсар Айдарбеков, Айзере Шайхысқақ жүргізді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АДАМЗАТТЫҢ ПЕРЗЕНТІ ҰЛЫ АБАЙ

9 қаңтар күні М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған «Адамзаттың перзенті Ұлы Абай» атты мерекелік концерт өтті. Аталмыш мереке ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың мерейтойына арналған іс-шаралардың жалғасы болды.

Аймағымыздың мектеп оқушылары, қалалық конкурстардың жеңімпаздарының орындауында Абай Құнанбаевтың туындыларымен танысып, №1 балалар музыка мектебінің қобыз ансамбілінің орындауында «Көзімнің қарасы» шығармасын тыңдады. Оқушылар сарайының көркемөнер және би ұжымдары сахына төрінде ең үздік шығармаларын орындап, көркем сөз оқу шеберлері өздерінің қалам ұшынан шыққан өлеңдерін паш етті.

Кештің құрметті қонағы әйгілі абайтанушы Даниял Асенов болды. Ол Абай әлемінің бай рухани мәдени мұрасына айналған шығармаларын баяндап берді. Соынмен қатар балаларға Абайдың «Қыс», «Қара сөздерін» оқыды.

Оқушылар сарайының үлкен залында эстетика бөлімінің бейнелеу өнерінің және сәндік-қолданбалы студияларының тәрбиеленушілері Абай туындыларының желісімен салынған суреттер көрмесін ұсынды.

- Елімізде 2019 жылдың тамыз айынан бастап Абай Құнанбаевтың жылы болып жарияланған болатын. Оқушылар сарайында «Абай мұрасы-халық ұлағаты» атты әдеби-сазды қонақжайлар, «Абайды оқы, таңырқа» атты «Қаламгер» жас тілшілер студиясының челленджі өткізілді, - деді мерекелік концерттің ұйымдастырушысы Әсем Аипова.

- Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялаған болатын. Бұл мақала ойшыл, дана Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойына арналып отыр. Оқушылар сарайының Абайға қатысты мерекелік іс-шаралардың өткізіп отырғаны мені қатты қуантты, қазіргі таңда өзекті болып отырған Абай шығармалары жас ұрпақты оның мол-мәдени мұрасымен таныстырады, - деді Даниал Асенов.

«АБАЙ ӘЛЕМІ» АТТЫ ҚЫЗЫҚТЫ САЯХАТ

2019 жылдың 29 қазанында күзгі каникулдың алғашқы күндері қазақ халқының әйгілі ақыны, философ – гуманист, композитор Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған «Абай әлемі» атты әдеби саяхат өтті.

Шараға Ертіс ауданы Ұзынсу ЖОМ-нің 3-5 сыныптарының оқушылары қатысты. Әдеби саяхаттың қатысушылары Абайдың балалық шағы туралы фильмді тамашалап, табиғат лирикасына байланысты «Жаз», «Қыс», «Көктем», «Күз» өлеңдерін жатқа оқып, «Көзімнің карасы», «Жүрегімнің түбінен терең бойла», «Жастықтын оты жалындап», «Қара сөздер» шығармаларын оқып берді.

Оқушылар сарайының әдіскері Әсем Аипова ақынның өмірі туралы қызықты мәліметтерді айтып беріп, «Абай әлемі» атты зияткерлік викторинаны өткізді.

Жас ұрпақ Абайдың бай мұрасы

арқылы өз халқына қызмет етуге үйренеді, ал шығармалары мәдениет арқылы білімге деген ұмтылысын көрсетеді.

- Қазақ халқының ұлы тұлғасы Абай Құнанбаев өскелең ұрпаққа әдемі туындыларын бай мұрасын қалдырды. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері халықпен бірге өмір бойы қалады, - деді Әсем Аипова.

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНКҮЙЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

2020 жылдың 11 ақпан күні К. Мақпалеев атындағы ЖОББМ-нің 7 «а» сынып оқушысы Кирилл Свиридов және ұстазы Манзиля Төлеубаевамен кездесу өткізілді.

Кирилл – Абай шығармашылығының жас жанкүйері, қазіргі таңда Абайдың 30-ға жуық өлеңдерін жатқа біледі.

Кирилл оқушылардың сұрақтарына жауап берді, өзі туралы, өзінің сүйікті ісі туралы айтып беріп, Абайдың өлеңдерін тез жаттап алудың құпиясымен бөлісті. Кирилл ағылшын және қазақ тілдерін үйреніп жүр, қазақ күресі, баскетбол, шахмат ойынын жақсы көреді. Кирилл Абайдың «Қара сөздерімен» танысып, өлеңдерин үш тілде жаттап алуды жоспарлап отыр. Кездесуге Оқушылар сарайының ғылым және техника бөлімінің тәрбиеленушілері, Павлодар қаласындағы №6 ЖОББМ-нің оқушылары қатысты. Балалар Абай Құнанбаевтың өмірі туралы деректі фильмді тамашалады, көптеген пайдалы ақпараттар алды. Кирилл мен Манзиля Серікбайқызы көрермендерге «Желсіз түнде жарық ай» әнің тарту етті. Кездесуді ұйымдастырушы, Оқушылар сарайының әдіскері Асима Оспанқұлова Кириллге шығармашылық табыс тілеп, Республикалық Абай шығармаларын мәнерлеп оқу байқауларында жеңіске жетуге тілек білдірді.

«СЕН АБАЙДЫ БІЛЕСІҢ БЕ?»

2020 жылдың 15 желтоқсан күні еліміздің басты мерекесі алдында Оқушылар сарайында «Сен Абайды білесің бе?» атты интерактивті онлайн-викторина өтті. Тамыз айында бүкіл ел ұлы ақын, жазушы, ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өтті. Аталмыш іс-шара оқушылардың Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейтуге, жас ұрпақ үшін Абай шығармаларының маңыздылығын түсінуге ықпал етті. Шараны ұйымдасытрған «Қаламгер» баспасөз орталығының тілшілері мен олардың жетекшілері Асем Аипова. ZOOM платформасында онлайн викторинаға Аққулы ауданы Садуақас Сатыбалды атындағы ЖОББМ, Абай атындағы дарынды балаларға арналаған гимназия және Павлодар қаласы №33 ЖОББМ-нің оқушылары қатысты. Викторина 4 кезеңді қамтыды. Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап беріп, әлем бойынша орналасқан Абай ескерткіштері орнатылған қалаларды тапты, Абайдың қара сөздерін оқыды.

- Бүгінде жас ұрпақтың Абай әлеміне зерттеуге мол мүмкіндігі бар. Ұлы Абайдың өмірі мен мұрасы болашақ ұрпақтарға әділеттілік, гуманизм, жоғары рух пен парасаттылық жолында әрдайым жарқын үлгі болып қала бермек, - деді іс-шараны ұйымдастырушысы Әсем Аипова.











РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ» ГАЛЕРЕЯСЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

2019 жылдың 18 желтоқсан күні «Рухани жаңғыру» кабинетінің жалғасы болатын «Ұлы дала ұлағаты» галереясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Галереяда Еліміздің тарихы және Тәуелсіз Қазақстанның құрылуының негізгі кезеңдері көрсетілген.

Іс-шараның құрметті қонақтары Павлодар облысының білім беру басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Гүлнәр Ибраева, «Нұр ана әлемі» ҚБ-нің төрайымы Бахытжамал Максилова, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Арман Қани, С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Айман Зейнуллина, «Сарыарқа самалы» облыстық газетінің тілшісі Тілеуберді Сахаба болды.

Оқушылар сарайының әдіскерлері Әсем Аипова мен Жаксыбек Ешимкулов қонақтар және тәрбиеленушілер үшін галерея бойынша алғаш экскурсияны жүргізді.

Галереяда Павлодар облысының петроглифтері, Орхон-Енисей жазбалары, Ұлы жібек жолы бейнеленген.

Сонымен қатар Қорқыт ата, Қожа Ахмет Яссауи, Домалақ ана, Жошы хан, Әбу Насыр Әль-Фарабидің суреттері және олардың кесенелерінің суреттері де бар. Тәуке хан, Қасым хан, Есім ханның «Жеті жарғы» атты дала заңдардың жинағы қазақ қоғамының тарихи ұйымдастыруын көруге болады. Қазақ-жоңғар шайқастары панорама арқылы терең тарихқа сыр шертеді. Абылай-хан, Олжабай батыр, Малайсары батыр, Жасыбай батырдың ерліктері де ерекше сипатталған.

Сырым Датұлының, Исатай Таймануқлының, Махамбет Өтемісұлының, Кенесары Қасымұлының және Жанқожа Нұрмұхамедұлының портреттері XVIII-XIX ғасырдағы болған ұлт-азаттық көтерілісті таныстырады. Галереяның ең ауқымды бөлімі қазақтың зиялы қауымының әлемдік аренаға шығуы, алашордалықтарға арналады.

Ұлы Отан соғысының батырлары да бұл галереяның дәл төрінен орын алды. Олардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Талгат Бигельдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Хиуаз Доспанова, Махмет Қаирбаев, Серікбай Муткенов және т.б. XX ғасырда еліміздің дамуы Қазақстанның ғылым Академиясының тұңғыш президенті, геолог Қаныш Сатбаевтың еңбектері арқылы көрсетілген. Бұл бөлімде Қаныш Сатбаевтың Қазақстанда тапқан пайдалы қазбалар картасы да бар. Еліміздің ғарышкерлері Талгат Мұсабаев, Тоқтара Әубәкіров, Айдын Айымбетовтың портреттері және Байқонырдың суреті ғарыштың дамуы бөлімінде орын алған. 1986 жылғы Алматыдағы болған желтоқсан оқиғасы Ляззат Асанова, Ербол Спатаев, Сабиры Мухамеджанова, Қайрат Рысқұлбековтың суреттері айтып тұрғандай.

Заманауи тарих экспозициясында Қазақстан Республикасының Ата Заңы, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жеке бейнелеген.

Галереяда барлық суреттер ұлы ойшылдардың нақыл сөздерімен өрнектелген. Оқу жылының ішінде Павлодар облысының мектеп оқушыларына галереяға экскурсиялар жүргізіледі.

- Бұл біздің еліміздің ешбір жерінде жоқ, бірегей галерея. Ел Тәуелсіздігінің мерекесімен тұспа-тұс келіп отырғаны мені қатты қуантты. Бұл жерде Қазақстанның тарихын, еліміздің тарихи тұлғаларын білуге болады.

Өскелең ұрпаққа өз Отанын сүйіп, тарихи мұраны сақтап, өз елінің салт-дәстүрін қадірлеуге шақырамын, - деді С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің профессоры. Айман Зейнуллина.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



«ЕЛДІҢ АСЫЛ ТІРЕГІ - АТА ЗАҢ» ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

ДИПЛОМ
I ДӘРЕЖЕЛІ
АТА ЗАҢНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ЕЛДІҢ АСЫЛ ТІРЕГІ - АТА ЗАҢ»
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ОБЛЫСТЫҚ ОНЛАЙН-БАЙҚАУЫНЫҢ
ЖҮЛДЕГЕРІ
ӘДІЛХАН НАЗЕРКЕ
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ,
МАЙҚАЙЫН № 2 ЖОББМ
«ПРОЗА» НОМИНАЦИЯСЫНДА
МАРАПАТТАЛАДЫ
«М.М.КАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ» КМҚК БАСШЫСЫ
А.Ж. ЕРУБАЕВА
Павлодар, 2020

ДИПЛОМ
I ДӘРЕЖЕЛІ
АТА ЗАҢНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ЕЛДІҢ АСЫЛ ТІРЕГІ - АТА ЗАҢ»
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ОБЛЫСТЫҚ ОНЛАЙН-БАЙҚАУЫНЫҢ
ЖҮЛДЕГЕРІ
БОЛАТХАНҰЛЫ АЗАМАТ
АҚҚУЛЫ АУДАНЫ,
ЖАМБЫЛ ЖОББМ
«ПОЭЗИЯ» НОМИНАЦИЯСЫНДА
МАРАПАТТАЛАДЫ
«М.М.КАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ» КМҚК БАСШЫСЫ
А.Ж. ЕРУБАЕВА
Павлодар, 2020

М.М.Катаев атындығы облыстық Оқушылар сарайы Қазақстан Республикасының Ата заңның мерейтойлық жылы аясында «Елдің асыл тірегі - Ата заң» әдеби шығармашылық балалар облыстық конкурсын өткізді.

Аталмыш конкурс 2020 жылдың 1-31 қазан аралығында онлайн форматта өткен болатын.

Байқауға Павлодар, Ақсу, Екібастұз, Баянауыл, Шарбақты, Железин, Май, Аққулы, Тереңкөл аудандарының жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары қатысты.

Конкурсқа 70 жұмыс қабылданды. Оның ішінде 39 мемлекеттік тілде, 31 жұмыс орыс тілінде болды.

Шығармашылық жұмыстарды М.М.Катаев атындығы облыстық Оқушылар сарайының бейімдеп оқыту бойынша басшының орынбасары - Иманбекова Галия Майдановна, облыстық С.Торайғыров атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының өлкетану және цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы – Марал Таженова, Павлодар география үйінің директоры Александр Вервекин бағалады.

Қазылар алқасы мемлекеттік және орыс тілінде 7-10 жас, 11-14 жас және 15-18 жас жас ерекшеліктер аралығындағы санаты бойынша «Проза» және «Поэзия» номинациялары бойынша баға берді.

2020 жылдың 5 қараша күні байқаудың қортындысы шығарылды.

Жеңімпаздардың жұмыстары облыстық «Твой мир- Сенің әлемің» газетінің қараша-желтоқсан айының нөміріне баспаға шығады.

- Қатысушылар шығармашылық жұмыстарын жазған кезде Еліміздің басты заңы туралы терең зерттеу жұмыстарын жүргізгені байқалады. Кейбір жұмыстар бірізділігімен ерекшеленеді, - деді Павлодар география үйінің директоры Александр Вервекин.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ШАШ ӨРУ - ӨНЕР

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында 4 наурыз күні «Шаш өру - өнер» атты қыз балаларға арналған шеберлік сабақ өткізілді.

Бұл шараның басты мақсаты қазақ қызына тән мінез-құлықты дәріптеу, салт-дәстүрімізге құрметпен қарау, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Шараға Павлодар қаласының №№12, 19 ЖОМ-нің, Назарбаев Зияткерлік мектебінің және Абай атындағы №10 лицей-мектебінің оқушылары қатысты. «Шаш өре білу-өнер» атты шеберлік сабақ шаш өрімінің түрлері, шашбау мен шашқаптың түрлері туралы бейнефильмнен бастау алды. Оқушылар сарайының педагогтары Асем Аипова мен Евгения Леденева шаш өру технологиясы, бұрымның түрлеріне тоқталып өтті. Шеберлік сабақты «Стиль» шаштараз студиясының тәрбиеленушілері және олардың жетекшілері Евгения Леденева өткізді.

Әр нәрсеге мән бере қараған ойлы халқымыз сұлудың көркі – шаш, шаштың көркі шаштеңге деп есептеген. Сұлу шашқа тағылған шолпылар қыз-келіншектер жүрген кезде күн сәулесіне шағылысып, көздің жауын алады. Иесі қозғалғанда, олар әсем дыбыстар шығарып, сұлу қыз, кермаралдай керілген келіншектердің әсем жүрісіне үн қосып, ару сын мен сыйпатын одан әрі ажарлай түседі. Қазақ халқы әйелдердің сұлу шашын ертеден-ақ жоғары бағалаған. Осыған байланысты әдет-ғұрыптар, тыйымдар туған. Шашыңды отқа тастама, шашыңды жайма, шашыңды қима деген тыйымдар бар. Жас әйелдің шашын маңдайдан айырып, екі бұрым етіп өрген соң оның арасын бір сүйемдей етіп ұшынан бір-біріне жалғайды, бұл «жұбымыз жазылмасын» деген ақ тілек белгісі. Ал, қыздар бұрымын дара өреді, бір-біріне жалғамайды.

- «Рухани жаңғыру» кабинетінің жоспарына сәйкес аталмыш іс-шара шаш өру өнеріне арналды. Қыз балалар өрімнің түрлерін үйреніп, шашбау мен шаштеңге түрлерін ажырата білді.

Оқушылар сарайының педагогтары оқушыларға көктем мерекесі қарсаңында сыйлыққа шашбау мен шаштеңге сыйлады. Шеберлік сыныпқа 60-қа жуық оқушы қатысты, – деді Асем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР – ТӘРБИЕ КӨЗІ

М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында 6 ақпан күні «Рухани жаңғыру» кабинетінің жоспарына сәйкес «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты қолөнер бойынша шеберлік сыныптар өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты оқушыларды қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету.

Павлодар қаласының №№13, 15, 33, 37, 42 мектеп оқушылары «Шаштың сәні – шашбау», «Оюды жіппен бейнелеу», «Ұлттық бұйым – ұлт мұрасы», «Өру технологиясы», «Сыр сақтаған – Тұмар» атты шеберлік сабақтарға қатысты.

Оқушылар сарайының педагогы Лаура Сыздықsecurityованың «Шаштың сәні- шашбау» атты шеберлік сабағында оқушылар шашбаудың тарихын біліп, әдемі шашбауды жасап, шаштарына өріп алды. «Сырмақ» қолданбалы-сән студиясының жетекшісі Дәуірбек Жақсылыққызының «Оюды жіппен бейнелеу» атты шеберлік сабағында оқушылар қошқар мүйіз оюды жіппен бейнелеп тікті. «Ұлттық бұйым – ұлт мұрасы» атты Елена Каркавинаның шеберлік сабағында оқушылар ою-өрнекті фетр матасына тігіп, қыздарға арналған әдемі сәндік бұйым жасады. Оксана Токсанованың «Сыр сақтаған – Тұмар» атты шеберлік сабағында оқушылар тұмар туралы көп мәлімет біліп, өз қолдарымен фетр матадан тұмар жасап, оны мойшақтармен сәндеді. Павлодар қаласы № 1 ЖОМ-нің технология пәнінің мұғалімі Махмет Қайнарбек ұл балаларға өру технологиясын үйретіп, өрудің бірнеше түрлеріне тоқталды.

Қазақтың қолөнері, зергерлік өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалпай, әрі қарай дамыту біздің болашақ жастарымыздың міндеті. Оқушылар аталмыш шарада қазақ халқының ою-өрнектерінің сырын ашып, шашбауды өз қолдарымен жасап, сыр сақтаған тұмардың қасиетін біліп, өру технологиясының түрлерімен танысып, ұлттық нақышта өз қолдарымен бұйымдар жасап үйренді, халқымыздың ою-өрнектердің түрімен танысты. Шеберлік сабақтарға қала мектептерінен 60-қа жуық оқушы қатысты. Шеберлік сабақтың жетекшілері оқушыларға өз қолдарымен жасаған бұйымдарын сыйлық ретінде тарту етті.

- Қазақ халқы өз ұрпағына өнердің сан – саласын үйретіп отырған. Қол өнері арқылы оқушылардың дүниетанымы, адамгершілік эстетикалық талғамдары қалыптасып, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Оқушылар бұндай шеберлік сабақтар арқылы әсемдікті тани біліп, ұлтық қол өнеріне сусындап, эстетикалық ой өрісі дамиды, - деді әдіскер Асем Аипова.

«ҚЫЗ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

2021 жылдың 4 наурыз күні Оқушылар сарайында Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «Қыз - ұлт болашағы» атты онлайн байқауы өткізілді.

ZOOM платформасында өткен қыз сыны байқауында Павлодар қаласындағы химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Еркеназ Мұратбек, дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия оқушысы Әсем Жанатова, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының оқушысы Фариза Бекмұхамбет, Баянауыл ауданы, Ш.Айманов ат.ЖОББМ оқушысы Аружан Құсайын, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернатының оқушысы Ботагөз Серікпай бақ сынасты.

Қыз сыны байқауының құрметті қонақтары және қазылар алқасы С.Торайғыров ат.облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың Өлкетану және цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Марал Абылайханқызы Таженова, Аққулы ауданы білім бөлімінің әдіскері Асем Нұрланқызы Оспанова болды.

Аталмыш онлайн шара Оқушылар сарайының «Рухани жаңғыру» кабинетінің жоспарына сай, сонымен қатар қыздарды имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік т.б. қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Сайыстың басты қағидасы әр қыз баланы парасатты, жан – жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу, табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу.

Байқаудың шартына сай әрбір қатысушы «Мен қазақтың қызымын» таныстыру бөлімінде өздерін қара сөзбен, өлеңмен, әнмен шебер таныстырып шықты. «Бәйге» қазағымыздың салт – дәстүрлері бойынша бөлімінде қыздарымыз енші, көрімдік, ерулік байғазы, бастаңғы деген дәстүрлерді толық мағынасын аша білді. «Зерделінің ойы озық» атты кезеңде барлық сайыскерлер өнер, білім, мәдениет, тарих саласына байланысты құрылған сұрақтарға дұрыс жауап берді. «Бармағынан бал тамған» кезеңі өте қызық өтті.

Сайыскерлер өз асүйлерінде торт, тәтті бәліш, ұлттық тағам әзірлеу барысынан бейнеролик түсіріп, қазылар алқасына көрсетті. «Қызды тәрбиелеген - ұлтты тәрбиелейді» атты кезеңінде қыз бала тәрбиесіне байланысты даналық сөздердің мағынасын керемет ашып берді. «Өнерлі өрге жүзер» кезеңінде әр қатысушы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін тамаша оқып, ал кейбір қатысушылар әсем әндерін ортаға салды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша қатысушылар келесі номинацияларға ие болды.





Еркеназ Мұратбек - «Білімді ару» номинациясы;

Әсем Жанатова – «Шығармашыл ару» номинациясы;

Фариза Бекмұхамбет - «Зерделі Ару» номинациясы;

Аружан Құсайын - «Өнерлі Ару» номинациясы;

Ботагөз Серікпай - «Тапқыр Ару» номинациясы.

Сайысқа қатысушылар дипломдармен марапатталды, ал жетекшілері алғыс хатқа ие болды.

- Атамыз қазақ ерте заманнан - ақ ұрпақ өсіріп, оны тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударған. Әсіресе қыз балаға аса көңіл бөлген. Оны ақылды, сұлу, әдепті, мейірімді де қайырымды етіп, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеген. Біздің өскелең ұрпақ, қыздарымыз ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалған ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрып сөндірмей жалғастыратын өнерлі ұрпақ болса екен, - деді аталмыш шараны ұйымдастырушы Әсем Аипова.

«САЛТ-ДӘСТҮР, АЛТЫН-ҚАЗЫНАМ»

2021 жылдың 18 наурыз күні Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы қарсаңында Оқушылар сарайында «Салт-дәстүр, алтын-қазынам» атты кездесу өтті.

ZOOM платформасында өткен мерекелік кездесуге Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларының және Аққулы, Железин, Баянауыл, Шарбақты, Май аудандарының жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары қатысты.

Кездесудің құрметті қонағы Павлодар облыстық «НҰР-АНА ӘЛЕМІ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бахытжамал Шаханқызы Максилова болды.

Кездесудің мақсаты оқушылардың Наурыз мейрамының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсініктерін қалыптастыру, қазақ халқының асыл мұрасы салт-дәстүрлерге құрмет сезімін тәрбиелеу.

Наурыз - барша қазақстандықтардың ортақ той думаны. Наурыз - достық пен еркіндіктің мерекесі.

Наурыз - қаңқылдап қаздар келетін, қырларда қызғалдақ бүршік атып, Табиғат - Ана гүл көрпеге оранатын көктем айы, мол ырысқа кенелетін, мәз-мейрам шаттыққа бөленетін шақ.

Кездесу барысында Бахытжамал Шаханқызы оқушыларға қазіргі таңда елімізде Наурыз мейрамын тойлаудың күндері мен ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Балалар «Көрісу», «Жайлау», «Шежіре» күні, «Тарихқа тағзым», «Игі істер», «Шымырлық пен шеберлік», «Зиялткерлік күні», «Ұлттық тағамдар», «Ұлыстың ұлы күні», «Жоралғы» күндердің мән-мағынсын айтып берді. Бахытжамал апай ұмытылып бара жатқан ұлттық «Науан» және «Бүрме» тағамдарның жасалу жолын түсіндірді. Өз Наурыз көжесінің ерекше жасалу әдісіне тоқталды.

- Қазақ халқы үшін Наурыз мейрамы көктемгі жаңарудың, махаббаттың, молшылық пен достықтың символы іспеттес. Балалар сендерге бақыт, оқуларың үздік болсын, жыл бойы Наурыз әр үйге молшылық әкелсін, - деп ақ батасын берді Бақытжамал Мақсилова. «Салт-дәстүр, алтын-қазынам» онлайн кездесуді ұйымдастырып, өткізген әдіскер Әсем Аипова.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУДЕ ҚҰТҚАРУШЫ МАМАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АЙТЫЛДЫ

Оқушылар сарайында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында танымал адамдармен кездесулер өз жалғасын табуда.

Көктемгі каникул кезінде 2021 жылдың 31 наурыз күні «100 жаңа есім» жобасының кандидаты, Павлодар қаласының жедел құтқару жасағының құтқарушысы Әділханов Дәурен Серімұлымен онлайн кездесу өтті.

ZOOM платформасында өткен кездесуге 100-ден аса адам жиналды. Бұл Павлодар облысы және қаласының оқушылары және М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері.

Балалар кездесуде мұздағы сақтық шаралары туралы сюжетті тамашалап, слайд-презентациядан жаз мезгіліндегі өзен-көлдерде шомылу ережелері туралы білді.

Дәурен Серімұлы балаларды құтқарушы, сүңгуір, альпинист мамандықтарымен таныстырып, осы мамандық иелеріне қойылатын талаптарға тоқталды, Павлодардағы суасты іздеу жұмыстары, Солтүстік Қазақстан облысында су тасқыны кезінде адамдарды эвакуациялау туралы әңгімелеп берді.

Ол 18 жасқа дейінгі балалар ата-анасыз көлдерге баруға болмайтынын еске салып, қауіпті жағдайларды болдырмау үшін сақтық шаралары туралы және өзен-көлдер жағасындағы ережелер туралы баяндады.

Онлайн кездесуде оқушылар өз сұрақтарына толық жауаптар алып, құтқарушының кеңестерге қанық болды.

- Балалар, денderің сау болсын, өз өмірлеріңе абай болыңдар, су қоймаларынан басқа көптеген ойын орындары бар, өзен-көлдерге барған кезде барлық қауіпсіздік ережелерін сақтаңдар, - деді Дәурен Әділханов.

Онлайн кездесуді әдіскер Әсем Аипова ұйымдастырды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАС БЛОГЕРЛЕР САКРАЛДЫ ГЕОГРАФИЯНЫ ЗЕРДЕЛЕЙДІ

«Ертістің киелі жерлеріне саяхат» облыстық жас блогерлер конкурсы өз мәресіне жетті. Аталмыш шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Қазақстанның сакралды географиясы» атты арнайы жобасын іске асыру мақсатында өткізілген болатын.

Оқу жылы ішінде аталмыш конкурс «Селфи», «Сурет», «Жас блогер» номинациялары бойынша өтті.

2021 жылдың сәуір айында «Жас блогер» номинациясы бойынша облыс оқушыларынан 50 жұмыс қабылданды.

Қазылар алқасының құрамында «Білім-лайф» каналының тілшісі, блогер, ақын Кәкім Бәкіжан Берікұлы, Нұр-Сұлтан қаласының «Black&White» медиакомпаниясының атқарушы продюсері Адина Хамар болды.

Жас блогерлер өз аймақтарының киелі орындары туралы бейнеролик түсіріп, Павлодар облысының киелі жерлеріне барған саяхаттары туралы өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, Ертіс-Кереку елінің қасиетті жеріне баратын басқа саяхатшыларға арналған кеңестерді берді.

Жас блогерлер өз бейне блогтарында Мәшхүр Жүсіп Көпеевтің мешіті, «Жасыбай батыр» ескерткішін, Исабек Ишан кесенесін, Абдул Уахит Хазиреттің кесенесін, Сұлтанбек Сұлтанның үйі туралы мол ақпарат берген болатын. Өңіріміздің блогерлері бірқатар жұмыстарын киелі Баянауыл еліндегі «Кемпіртас» және «Ақбет тау», «Қалмақырылған» мекені, Мәшһүр Жүсіп кесенесі, Жасыбай көлі, Маралды көлі, «Қоңыр әулие» үңгірлеріне арнады.

- Бұл конкурс арқылы мектеп оқушылары шығармашылық әлеуетін ашып, тақырыптық блогтар құру дағдысы қалыптасады. Болашақта медиа саласының тұлғалары өсіп келе жатқаны мені қатты қуантады, сонымен қатар оқушылар камерадан қорықпай, монтажды керемет жасаған, - деді қазылар алқасының төрағасы Кәкім Бәкіжан.

- Балалар Ертіс-Кереку өңірінің қасиетті нысандары туралы әңгімелеуге, осы орындарды ақ қағаз бетіне бейнелеп сурет салуға, бейнежазба түсіруге бар ынта-жігерімен кірісті.

Біздің жоба балаларға қасиетті жерлерді зерттеуге, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, туған өлкенің тарихына, аймақтың танымал тұлғаларының өмірі мен шығармашылығына қызығушылықтарын оятуға көмектесті. Жобамыздың ең кішкентай, бастауыш сынып оқушыларының жұмыстары ерекше болды.

Барлық қатысушыларға және олардың жетекшілеріне байқауға қатысқандары үшін алғыс білдіреміз, - деді жоба ұйымдастырушысы, әдіскер Әсем Аипова.

Жас блогерлердің жұмыстарын @metodotdeldsh инстаграм парақшасынан көре аласыздар!

ЧЕРНОБЫЛЬ ОҚИҒАСЫ ОЙДА ТҰР

2021 жылдың 23 сәуір күні Оқушылар сарайында Чернобыль атом электр станциясында болған апаттың 35-жыл толуына орай «Союз Чернобыль» Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар қауымдастығының төрағасы,1986 жылғы Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарын жоюға қатысушысы Деймунд Виктор Георгиевичпен онлайн кездесу өтті.

ZOOM платформасында өткен кездесуге 100-ден аса адам жиналды. Бұл Павлодар облысы мен қаласының оқушылары және М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері. Балалар «Чернобыль! Как это было?» атты фильммен танысып, Чернобыль атом станциясында болған апат туралы слайд презентациядан білді. Виктор Георгиевич балаларға 1986 жылы 26 сәуірде түнде адамзат өркениетінің бүкіл өміріндегі ең үлкен техногендік апат - Чернобыль атом электр станциясындағы болған қайғылы оқиға туралы әңгімелеп берді. Оқушылар трагедияның ауқымы, радиацияның салдарынан пайда болатын түрлі аурулар, экологиялық апаттың кесірі, радиациялық ластанумен күресу шаралары туралы білді.





Сонымен қатар Виктор Георгиевич Чернобыльдің маңында орналасқан Мозырь қаласына офицерлермен бірге барғаны жайлы айтты. Бұл қалада Кеңес одағының батыры, қазіргі таңда Оқушылар сарайының есімі берілген Михаил Максимович Катаевтың жерленгенін атап өтті. Олар жерлесіміздің ерлігі туралы жазылған ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойды.

- Балалар, денсаулықтарың мықты болсын, оқуда озат болыңдар, жақсы оқыңдар, спортпен айналысып, Отанды сүйіңдер! Чернобыль атом электр станциясындағы апат сияқты қорқынышты оқиғалардан сендерді сақтасын, - деді кездесудің қонағы Виктор Георгиевич Деймунд.

Онлайн кездесуді әдіскер Әсем Аипова ұйымдастырды.